

## ӘЛЕМНІҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ СУРЕТІ («борыш-абырой», «жаксы-жаман» этикалық, категориялардың сипатташылуы)

Жеке тұлғаның және қоғамдық лингвоменталдық, когнитивтік, рухани-өнегелілік дүниетаннымын тілдік тұғырдан бейнелеу қазіргі таңда ең мәдени маңызды және проблеманың өзектілігі бір жағынан, «адам факторын» тіл арқылы экспликациялау тақырыбымен байланысты болса, екінші жағынан, ол тіл мамандарының, этнопсихологтардың, концептологтардың жеке тұлғаның мәдени-ұлттық, рухани қеңістігінің әр тілде бейнелеуінің ерекшелігін зерттеуіне катысы бар. Сондыктan да тіл білімі саласында әлемнің тілде концептуализациялануы ауқымды және болашағы бар бағыт ретінде қарастырылады.

Тілдік концептуализациялау мәселесі жалпытанымдық – ғылыми және күнделікті тұрмыстық білімнің алшактығын еңсеру үрдісімен байланысты. Е.С.Кубрякованың пайымдауынша, тіл әлемді тануда және түсінуде маңызды рөл атқа-

рады, себебі тіл «жұлып алған» көріністер, олардың аталуы – бәрі де адам үшін маңызды болады, себебі олар ой үрдісін жүзеге асыру жұмысында негізгі рөл аткарады [1, 305]. Сондыктan да тілдік паремиологиялық бірліктер арқылы әлемді концептуализациялау – тіл білімнің көкейкесті мәселесінің бірі.

Паремиологиялық бірліктер фразеологиялық идиоматикалық тіркестермен қатар әлемнің тілдік суретін бейнелеуде көрнекті орын алады, ейткені олар әлемнің тілдік суретінің бір фрагментін суреттейді. Бұл фрагмент адамдарға тәлім-тәрбиелік нақылдар айтып, адамның рухани-тәрбиелік дүние-танымын бейнелейтін ұғымдармен байланысты. Паремиологиялық бірліктер халықтың тәлім-тәрбиелілік этикалық қағидаларын тіл арқылы жүзеге асырады. Мақал-мәтеддерде өнегелілік нақылдар және жөн сілтейтін кеңестер айтылады. Осын-

дай нақылдар мақал-мәтелдердің мазмұнын құрайды. Сонымен қоса паремиологиялық бірліктер халықтың құндылықты бағдарлары, аксиологиялық қатынастары, бағалары да көрсетілген. Нақылдар, баға, субъективтік қатынастардың түрлері, құндылықтың бағдарлар – бәрі де этикалық нормалар А.А.Гусейновтың ойынша, «адамның бірігіп өмір сүру қабілетін сипаттайтын және адамдар арасындағы қатынастардың нысанын білдіреді» [2].

Осындай қарым-қатынас жасау барысында бөлек-бөлек моральдық-этникалық нормалар қалыптасқан. А.Тарақтының пікірінше, осындай нормалар көшпелі қоғамда сұрыпталып, шындалғандығы сонша, сол коғамдағы барша өмір салтын қапысыз реттеп отыруға қызмететкен. Бұл ретте туыстық қарым-қатынастар нормасы таза моральдық-этикалық категория шенберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін зан, кодекс деңгейіне көтерілген [3,40].

Этикалық нормалар деп әлеуметтік нормаларға әрбір адамның мінез-құлқына қойылатын талаптарды, тілектерді, үйғарымдарды, алдын ала айтылған жөн-жосықтарды жатқызуға болады. Олардың бірнеше түрі болады: 1) бірінші түрінے жалпы әлеуметтік нормалар жатады, олар нормаларды қолдаушы (адам, топ, мекемелер) бойынша жіктелінеді; 2) әрбір салада жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің түрі бойынша (экономикалық, саяси, эстетикалық, сөздік т.б. 3) қызметі бойынша баға, бағдарлама беретін, бакылау жасайтын, реттейтін, жазалайтын және ынталандыратын нормаларды жіктеуге болады.

Этникалық нормалардың құнделікті өмірінде қағида ретінде қолданатын адамдар бойынша адамгершіліктік жалпы әлеуметтік нормаларға жатқызу қажет, өйткені олар «адамдардың мінез-құлғынын реттеп, «жаман», «жаксы» қылыштар туралы жөн-жосықтарды айтып, нақылдар береді. Жағымды қылыштарды мадақтап, жаман қылыштардан безіп, өнеге алмауға үйретеді, жағымды-жағымдыз қылыштарды бағалап, оларға деген по-зитивтік немесе негативтік құндылықтың бағдарларын іске асырады. Сондықтан да этникалық нормаларға біз моральдық қасиеттер (жаман-жаксы) туралы түсінік беретін, дидактикалық (тәлім-тәрбиелік мәні бар), адамдардың құнделікті мінез-құлғынын реттейтін қағидалардың жиынтығын жатқызамыз.

Этникалық нормалардың құрамына этикалық категориялар кіреді. Этикалық категориялар рухани, идеалды тәртіптің құрылымдары, болмыс-

тық адамгершілік жақтарының субъективтік көрінісі, әлеуметтік құбылыс ретіндегі мораль туралы жүйеленген, ғылыми негізделген теориялық білімдер жиынтығы [4,7].

Этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері бар: біріншіден, олар коғамдық қатынастардағы адамдардың жүріс-тұрысымен, жақсылық пен жамандық, борыш, абырой, әділдік көзкарастарына сәйкес бір-біріне, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты жақтарын көрсетеді; екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық, аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайырымдышылғык пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады; үшіншіден, олар адамның жүріс-тұрыстары мен қарым-қатынастарын реттеу құралы болып табылады.

Этикалық категориялар ежелгі заманнан бастап қазақ даласында қалыптасқан, өйткені көшпелілердің қабілет күші мен ақыл-парасатының өзара үйлесе кемелденуі сол ортадағы өмір салтының әбден қалыптасып орнығуының нәтижесі болып табылады. Бұл жөнінде Шокан Уәлиханов: «Далалық орданың тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ойы, қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына карағанда әлдекайда жоғары тұр» [5,391], – деп сипаттайды.

Көшпелілердің моральдық қасиеттерін қалыптастырудың макал-мәтелдер көрнекті рөл аткарған. Олардың мазмұнында этикалық категориялар кең көлемде көрініс береді, мысалы, борыш-абырой категориясы. Борыш – бұл моральдық нормалардың барлық жиынтығын адамдардың іс жүзіндегі әрекетімен байланыстыратын өзек. Борыштың адамгершілік мазмұны зан күшінде ие адамгершілік талаптармен бекітіледі. Борыштың адамгершілік сезімі арқылы көптеген жоғары қасиеттер ашылады. Олар: саналы ынта, қайрат, абырой, қоғамдық міндеттерге деген белсенді қатынас. Борыш «Қазақша-орысша сөздікте», «міндет» мағынасында түсіндіріледі, ал «абыройдың» келесі мағыналары көрсетіледі: авторитет, ар, бедел, намыс [6,14]. Қазақ қоғамында бұл моральдық қасиеттер жоғары бағаланған, қаранды: жігітке абыройдан айырылғанша, жансынан айырылғаны артық; қоянды қамыс, ерді намыс олтіреді; олімнен ұят құриті, ел намысы – ер намысы; Беттің арын белбеуге түйіп [7]; ұстаздың абыройы болмаса – шәкірттері оның сақалымен ойнайды [8]; «міндет» ұғымына байланысты бол-

май, «қарыз» мағынада көрініс береді. Орыс халқының паремиологиялық суретінде осы ұғымға байланысты келесі макал-мәтелдер кездеседі: *долг невелик, да лежать не велит; долг платежем крашен; долг помнит не тот, кто берет, а кто дает; долго спать – долг наспать*. Ағылшын тіліндегі паремиялар әлемнің суретінде «ар», «намыс», «қарыз», «абырой» концептлерінде кең көлемде кездеседі, мысалы: *death: he that dies pays all debts* (у мертвых долгов не спрашивают); *out of debt. Out of danger* (кто заплатил долги, у того гора с плеч); *Better a glorious death than a shameful life* (өлімнен үят құшты); *A clear conscience laughs at false accusation clear conscience is a constant feast; a good conscience is a soft pillow*; (*Ар-ұжданы таза адам осек жаладан қорықпайды*); *Debt is the worst kind of poverty* (несиеге ет жесең, сүйегі ішегінді жыртар); *Borgen macht sorgen* (нем).

Әртүрлі тілдердегі паремиологиялық бірліктерді талдау нәтижесінде біз олардың құндылықтың бағдарлары жағынан бірдей емес екенін, осы ұғымдардың мағыналарын әр халық әрқалай түсінетін туралы қорытынды жасауға болады, себебі қазақ тілінде «борыш» деген этикалық категория отан алдында «міндетті өтеу» деген мағынада колданса, орыс, ағылшын тілдерінде борыш деген ұғым «қарыз» деген сөзге синоним болып табылып, «қарызды кайтару», «қарызды уақытында кайтармау», «қарызға алу» сияқты құнделікті тұрмыстық мағыналарын жүзеге асырады.

«*Ар-ұят*» категориясы сананың моральдық-психологиялық тетігі ретінде қарастырылады. Ол қоғамдағы моральдық императивті (бұйрыкты) байланыстыруши күшіне ұқсас. Ол қоғамдық қатынастарда, мәдениетте, әлеуметтік субъектілер әрекеті мен әмір сүру тәртібінде объективті бекітілген адамгершілік құндылықтардың белгілі бір жүйесін тұлғаның ішкі әлемінде қорғайды. *Ар – ұятың адамгершілік-психологиялық аспектінің ең алуан түрін біріктіретін бүтіндей механизм ретінде көрінумен сипатталады*.

Ар-ұятың екі түрі бар: авторитарлық және гуманитарлық. Авторитарлық *ар-ұят* екі түрге бөлінеді: таза *ар-ұят* (бұл авторитет саған ырза деген сана). Таза *ар-ұят* иғілікті жағдай мен қауіпсіздік сезімін тудырады, өйткені ол авторитет қолдауын және оған жақындығын билдіреді. Кінәлі *ар-ұят* қорқыныш пен үміт үзүшілікті тудырады, өйткені авторитет еркіне карсы әрекет жазалану қаупіне келтіреді. Гуманистік *ар-ұят* сыртқы санкциялар мен қолдануларға бағынбайтын және әрбір адамға берілген өзіміздің жеке

дауысымыз. Ол ар-ұятың дұрыс қызмет етуіне немесе оның бұзылуына біздің бүкіл тұлға-тұрқымыздың жауабы. *Ар-ұят* адам максатының орындалуын бағалайды, ал әмір өнеріндегі табыстарымыз бен намыстарымыз туралы хабар беріп отыратын бойымыздағы акпарат [5,156].

«*Ар-ұят*» категориясы әлемнің тілдік суретінде концепт ретінде көрініс береді. Осы концепт бұл жағдайда екі түрлі қызметті аткарады: біріншіден, ол адамды зұлымдылық пен жақсылықты, ізгілікті айыруға үйретеді; екіншіден, адамды жақсы қылықтарға бағыттап, ізеттілік іске адамның назарын аударуға тырысады. Ю.Д. Апресянның пайымдауынша, әлемнің тілдік суретінде «*ар-ұждан*» концептінің екінші функциясы басым болады, орыс тіліндегі суретінде жаман қылықтарды жасауға тыйым салатын моральдық тормоз және қатыгез сот ретінде бейнеленеді [6,353];

«*Ар-ұждан, ұят*» концептілерінің қысысу саласы жаман қылықтар, олар макал-мәтелдерде жағымсыз іс деп қарастырылады, қараныз: *без стыда лица не износиш; бесстыжих глаз и дым наймет; в том стыд, в том и совесть; волосом сед, а совести нет, совесть без зубов, а загрызает; есть совесть-есть и совесть; у него совесть в руканичках ходит; у него совесть-дырявое решето т.б.*

Ар-ұятың кінәлі және гуманитарлық түрлері ерте заманнан – V–XVII ғасырлардағы жазбаларда келесі мағыналарда кездеседі: 1) ұяты, ары жоқ адамды мінеу, жазғыру олардан аулақ жүру: *ұятысъ адам имтен де жаман* (С. Сарайи); *Арсыз – адамның қоры* (Ж. Баласағұн), *ұяты бармен ұрыс, ұятысъзben ұстаспа; опасызда ұят жоқ, ұятысъзда она жоқ* (Ә. Науай) маңайлама *ар-ұяттан без-генге, мыңдан алғыс инабатты сезгенге* (Ж. Баласағұн); *Пәле-жала жолын ұят кеседі, ұятысъзық – ердің емсіз кеселі* (Ж. Баласағұн); 2) гуманистік ұятың түрі. Адам өзінің қылықтарын ар-ұят таразысына салып олардың дұрыс-бұрыстығына талдау жасайды, ұяты қылықтарды жасамауға тырысады, өйткені ұят, ар моральдік тетіктер, олар адамның мінез-қылықтарын реттей отырып, жаман қылық етуге, ар-ұяты аттап кетуге тыйым салады. Сондыктan да ар-ұят тежеуші ұстанымдар ретінде макал-мәтелдерде сипатталынады. Ұяты, саналы адам болуға макал-мәтелдер шығарып, накыл айтады, қараныз: *өлімнен ұят құшты; бәр бәледен ұят сақтайды; барлық жақсы істің байламы да ұятта* (Ж. Баласағұн); *итке ұят келсе, сирақ тастасаң да жемейді* (М. Қашқарі).

Ағылшын тілдерінде де ұтсыз, арсыз адамды мінеу, оның жаман арсыз қылықтарын жақтырмай, оларға деген негативтік көзқарасты көрсету кең көлемде орын алады, мысалы: *A clean fast is better than a dirty breakfast* (*ар-ұттан айырылып табыс тапқанша, жоқшылық пен адалдық артық*); *A guilty conscience needs no assuser* (*ар-ұттан айырылып табыс тапқанша, жоқшылық пен адалдық артық*); *A guilty conscience needs no assuser* (*арсыз ұт ұйқы бермейді*);

Корыта айтқанда, этикалық категориялар мақал-мәтелдерде халықтың моральдық құндылықтың дәрежесіне жеткізген «*абырой*», «*намыс*», «*борыш*», «*ар-ұт*», «*ұждан*» ұғымдарының жағымды-жағымсыз жақтарын сипаттап, жаман, арсыз, ұтсыз қылықтардан аулақ болуға сактандырады.

### Әдебиет

1. Кубрякова Е.С. Об установках когнитивной науки и актуальных проблемах когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивной лингвистики. 2004. №1.
2. Гусейнов А.А. Великие моралисты. М.: Республика, 1995.
3. Тарақты А. Ауызша тарихнама // Қазақ. – Алматы: Білім, 1994.
4. Габитов Т.Х. Заңғар этикасы. – Алматы, 2003.
5. Фромм Э. Человек для себя. – М., 1992.
6. Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: попытка системного описания // Избранные труды. I, II. Интегральное описание языка и системная лексикография. – М., 1995.

### Резюме

В статье рассматривается экспликация этических категорий в паремиологической картине мира.